

Хаттама №3

23-ақпан 2022 оқу жылы

№14 «Шолпан» балабақшасында ата-аналар жиналысы болып өтті

Қатысуға тиісті: 20

Қатысқаны: 17

Қаралатын мәселе:

1 «Тәрбие-тал бесіктен» Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі ролі. Баяндама

2 Оқу тәрбиесе жұмысына бақылау жасау.

3. «Ұйымдастырылған оқу қызығуына қатысу

Құрметті ата-аналар бүгінгі жиналысты ашық деп жариялаймын. Бүгінгі мәселе бала тәрбиесі бесіктен, отбасынан басталады. Бала-біздің болашағымыз дей отырсакта баламен тығыз байланыс жасай отырып тәрбиелеуіміз керек. Баяндаманы тыңдап алыңыздар, кейін ой түйіңіздер пікір алмасып сұрақ – жауап алмасып пікірлесейік. Сөз тәрбиеші Ж.Тәтиге берілді. Баяндаманы оқып түсіндірме жүргізді, Пікір алмасты. 2-мәселе бойынша Әдіскер А. Байқадамова сөз алды. Ата-аналар екінші мәселе бойынша түсіндіріп, жұмыстарға тоқталып өтейін. Осы уақытқа дейін балабақшада көптеген оқу-тәрбие жұмыстары мен қатар ұйымдастырылған оқу қызметі, Сауат ашу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, бейнлеуден ашық оқу қызметі өткізілді, Оқу қызметін әдістемелік отырыста талқылап ұсыныс, пікір айтылды. Нәтижесінде толықтырулар енгізілді. Тәрбие жұмыстары ертенгіліктер, қашықтан оқыту бойынша конкурс байқаулар ұйымдастырылып балаларды қатыстырып жақсы нәтижеге қол жеткізді. Марапаттар алып жоғары деңгейге қол жеткіздік. Балабақшада оқу қызметіне ата-аналар, бастауыш сынып мұғалімдері қатысып тәжірибе алмасып отырады, пікір алмасу үстінде жұмыстар жүргізіліп отыр. Балабақшада баланың білім, білік дағдыларын мониторинг арқылы анықтап отырамын. Балалардың даму деңгейі жақсы көрсеткіштері біршама жақсарып келеді. Балалардың ойлауы, сөз саптауы, ортада өзін ұстауы, ойын толық жеткізе алатыны, сөздік қоры молайған деп қорытындыласам болады. Күнделікті оқу қызметіне қатысып отырамыз. Бала-біздің болашағымыз. Бала тәрбиесіне көп көңіл бөлуге сідерді шақырамыз. Бала бақшамен тығыз байланыста болыңыздар. Келіп қатысқандарыңызға рахмет.

Жиналыс қаулы етеді:

Оқу-тәрбие жұмысы жандандырылсын.

Оқу қызметі уақытылы өткізілсін

Жиналыс төрайымы

Хатшысы:



А. Байқадамова

Ж.Тәти